


## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 553	▼ -2,71%	▲ 11,7%
NASDAQ	22 204	▼ -3,56%	▲ 15,2%
DJIA	45 480	▼ -1,90%	▲ 7,3%
CBOE Volatility Index (VIX)	22	▲ 31,83%	▲ 20,8%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	9 427	▼ -0,86%	▲ 14,1%
DAX	2 046	▼ -1,58%	▲ 19,9%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	26 290	▼ -1,73%	▲ 34,0%
Nikkei 225	48 089	▼ -1,01%	▲ 20,5%
Shanghai SE	3 897	▼ -0,94%	▲ 19,4%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 157	▼ -0,22%	▲ 26,0%

### Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Жұма күні қор нарықтары сауда сессиясын төмендеумен аяқтады: S&P 500 индексі 2,71%-ға төмендеп, \$6 552,51 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 3,56%-ға құлдырап, \$22 204,43 деңгейіне дейін түсті; ал DJI 1,90%-ға арзандап, \$45 479,60 болды. S&P 500 индексінің 11 секторының 10-ы сауда барысында төмендеу көрсетті. Негізгі аутсайдерлер қатарында Information Technology (-4,4%), Energy (-3,7%) және Materials (-2,9%) секторлары болды.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	9 339 984 488 625	▼ -1,8%	▲ 4,1%	▲ 21,8%
Consumer Discretionary	4 008 754 217 043	▼ -2,0%	▲ 6,7%	▲ 8,2%
Consumer Staples	2 851 296 190 932	▼ 0,1%	▲ 2,5%	▲ 10,2%
Energy	1 629 833 815 597	▼ -3,7%	▲ 2,9%	▲ 5,2%
Financials	8 204 874 695 172	▼ -2,5%	▲ 2,6%	▲ 17,6%
Industrials	4 423 953 966 845	▼ -2,1%	▲ 2,4%	▲ 6,0%
Information Technology	15 589 322 830 968	▼ -4,4%	▲ 1,5%	▲ 23,1%
Materials	728 112 948 439	▼ -3,0%	▲ 4,4%	▲ 10,3%
Real Estate	1 068 211 047 615	▼ -1,4%	▲ 4,7%	▲ 8,2%
Utilities	1 373 277 252 843	▼ -0,3%	▲ 4,6%	▲ 16,2%
Health Care	4 867 237 555 128	▼ -1,7%	▲ 1,5%	▲ 6,2%

Жұма күні АҚШ қор нарығында күрт құлдырау байқалды: S&P 500 және Nasdaq индекстері 10 сәуірден бергі ең үлкен бір күндік төмендеуді тіркеді. Осы жағдай аясында қазынашылық облигациялардың кірістілігі төмендеп, АҚШ доллары әлсіреді. Бұған президент Дональд Трамптың АҚШ пен Қытай арасындағы сауда қақтығысының ушығуына қатысты инвесторлардың алаңдаушылығын күшейткен мәлімдемелері әсер етті.

Кешке, Уолл-стриттегі ресми сауда сессиясы аяқталғаннан кейін, Трамп 1 қарашадан бастап Қытайдан әкелінетін тауарларға қосымша 100%-дық баж салығын енгізуді және АҚШ-та өндірілетін маңызды бағдарламалық қамтамасыз етудің экспортын шектеуді жоспарлап отырғанын мәлімдеді. Республикалық президенттің айтуынша, ҚХР төрағасы Си Цзиньпинмен кездесу тоқтатылмайды, алайда оның қатаң мәлімдемелері ірі нарықтық компания акцияларының жаппай сатылуына алып келді.

Бұл мәлімдеме Трамптың сол күні әлеуметтік желілерде жариялаған жазбасынан кейін жасалды, онда ол Қытай тауарларына қосымша баж салығын енгізу және Си Цзиньпинмен кездесуді тоқтату мүмкіндігін меңзеген еді.

Бұл қауіптер нарық қатысушыларының алаңдаушылығын күшейтті, себебі Қытай әлемде өңделетін сирек кездесетін металдар мен магниттердің 90%-дан астамын өндіреді. Олар электромобильдер, ұшақ қозғалтқыштары, әскери радарлар және басқа да жоғары технологиялық өнімдер өндірісінде маңызды рөл атқарады. Әлемнің екі ең ірі экономикасы арасындағы сауда қақтығысының ушығуы, сарапшылардың пікірінше, жаһандық жабдықтау тізбектерінде, әсіресе технологиялық, автомобиль және қорғаныс секторларында айтарлықтай үзілістерге әкелуі мүмкін.

Осы жағдай аясында АҚШ-та саудаланатын Қытай компанияларының акциялары күрт арзандады: Alibaba Group Holding, JD.com Inc. және PDD Holdings акциялары 5,3–8,5%-ға дейін төмендеді. Сондай-ақ Qualcomm акциялары 7,3%-ға арзандады, себебі Қытайдың монополияға қарсы реттеушісі компанияның израильдік Autotalks компаниясын сатып алуына байланысты тергеу басталғанын хабарлады.

Осы уақытта АҚШ үкіметі Конгрестегі саяси тығырық салдарынан жұмысының он күнін ішінара тоқтатып отыр. Келіссөздердегі ілгерілеудің болмауы ресми экономикалық деректердің жариялануын кешіктіріп, бұл қаржы нарықтарындағы белгісіздікті күшейтіп, инвесторлардың кеңі-күйін одан әрі нашарлатты.


KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	365	0%	33,2%
Банк ЦентрКредит	5 017	0%	118,9%
Kcell	3 295	-1%	-2,5%
Казатомпром	30 065	1%	47,0%
КазТрансОйл	857	-1%	4,1%
КЕГОК	1 484	0%	-2,4%
Касpi.kz	44 350	-2%	-19,1%
КазМунайГаз	21 937	0%	49,9%
Эйр Астана	805	-1%	-29,5%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	536,73	-0,79%	2,3%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	10,26	-8,44%	-26,7%
EUR/USD	1,1618	0,48%	13,2%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>  
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитический департамент

**Контакты:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерское обслуживание

**Контакты:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

## Департамент торговых операций

**Контакты:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Департамент продаж

**Контакты:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.